

Жылыой ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігіне өзгеріс енгізу туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 31 қаңтардағы N 367-III шешімі және Атырау облысы әкімиятының 2007 жылғы 16 қаңтардағы N 13 қаулысы Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 ақпанда N 2482 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N№4200 Заңының 11-бабына сәйкес, Жылыой аудандық әкімиятының 2006 жылғы 4 желтоқсандағы N№419 қаулысы мен Жылыой аудандық мәслихатының 2006 жылғы 7 желтоқсандағы N№28-16 шешімі негізінде облыс әкімияты қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етті:

1. Жылыой ауданының Сарықамыс кенті таратылсын.
2. Осы қаулы мен шешім Атырау облысы бойынша әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.
3. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың

Облыс әкімі

XXIII сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы